


№49 «Қоңыртөбе» жалпы білім беретін
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Аналар кеңесінің» жұмыс жоспары.



Қоңыртөбе ауылы

ТУРКИСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ
«№ 49 «ҚОҢЫРТӨБЕ»
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

160921 Түркістан облысы
Келес ауданы, Қоңыртөбе ауылы
тел: 7-82-01.

Бұйрық

31.08.2023ж



№ 118

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННО
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА № 49 «КОНЫРТӨБЕ»»
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160921 Туркестанская область
Келесский район, село Коныртөбе

Приказ

**«Мектепте түрлі комиссиялар,
кеңестер, үйірмелер құру туралы»**

§8

**«Аналар кеңесін
құру туралы»**

Мектепте 2023-2024 оқу жылында төмендегіше әйелдер кеңесі
құрылып бекітілсін.

Төрағасы: Сұлтанова Қ

Мүшелері: Пердебаева Ұ.


Қаратаева Н

Бейсенбаева Г

Сатыбалдина И

Негізі: 31.08.2023 жылғы педагогикалық кеңес шешімі

Мектеп директоры:



Н.Ерсейтов

КІРІСПЕ

Аналар-әжелер мектебін құрудағы негізгі мақсат - отбасылық құндылықтарды сақтау, аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру. Отбасындағы ананың міндеттері мен жауапкершілігін қалыптастыра отырып, балаларын ұлттық рухта, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді насихаттап тәрбиелеу.

Тәрбие процесінің табыстылығы педагогтер, оқушылар мен ата-аналар арасында орнаған қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Ата-ана мен педагог алдында тұрған міндет ортақ болғандықтан, олардың арасындағы одақ неғұрлым берік болған сайын тәрбие нәтижесі де соғұрлым табысты бола түспек. Әрбір отбасы қоғамның бір бөлігі болып табылатындықтан, бала тәрбиесіндегі жауапкершілікте мектеппен бірдей болуы тиіс. Бала тәрбие әліппесін отбасындағы әкенің алатын орны ерекше. Өркениетті қоғамға қол жеткізудегі әрбір шара отбасындағы өмірді ұйымдастырудан бастау алады. Балалар мен оқушы жастардың бұқаралық мәдениет құндылықтарына, сапасы төмен бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратына және интернет сайттарға бағдарлануы; қатыгездікті насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің темекі шегу, алкоголь және есірткі қолдануға әуестенуі; еңбек тәрбиесі рөлінің төмендеуі; отбасылық құндылықтар мен отбасындағы әкенің тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі; әлеуметтік жетімдік, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид, нашакорлық, бүлдіргіш секталарға қатысу және т.б. проблемалар байқалады. Осындай проблемалар бала тәрбиесіне жаңа көзқарас, жаңа ұстанымдар қажет екенін көрсетіп отыр. Тәрбие кешеуілдеуді немесе үзіліс жасауды кешірмейді, ол баланың күнделікті өмірінде, тұрмыста, ойын үстінде, оқу, еңбек ету барысында жүре береді. Сондықтан, тәрбие проблемаларын білім беру ұйымдары мен әкелер, яғни ата-аналар арасында тығыз байланыс орната отырып шешу қажет. Қоғамның рухани әлеуетін арттыру қажеттілігіне негізделіп жасалған қандай да болмасын мемлекеттік бағдарламалар азаматтардың бойында жоғары адамгершілік сана мен өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеуді көздейді. Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көрегендікпен ой түйген. Ендеше, баланың өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетесы отбасындағы әкенің көмегімен қаланып, мектеп қабырғасында жалғасын табады.

Елін сүйген, елі сүйген мемлекетіміздің келешек иесі бүгінгі ұрпақты саналы, білімді, ұлтжанды, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырудағы маңызы зор. Ел игілігі үшін тағы бір бастама қолға алынды және қоғамның, ардагерлердің бала тәрбиесіне алаңдауы, жұмылдырылуы қазіргі таңдағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы көрсеткіші төмендемей отырған келеңсіз жайлардың алдын алуда тиімді деп есептейміз.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін арнайы қала көлемінде ғылыми-шығармашылық, әдістемелік топ құрылып, осы топтың басшылығымен арнайы оқу бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып түзілді.

Аналар-әжелер мектебінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектеп аналар-әжелер мектебінің ережесі ҚР «Білім беру» Заңы, ҚР «Бала құқығы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңдарын, «Құндылықтарға негізделген білім беру» Тұжырымдамасын негізге ала отырып жасалды.

1.2. Аналар-әжелер мектебінің қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады.

1.3. Аналар-әжелер мектебінің мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Аналар-әжелер мектебін құрудың мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, қыз тәрбиесіне деген жауапкершілікті арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында ертежүктіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.2. Өз қызметінде аналар-әжелер мектебі келесі міндеттерді шешеді:

2.2.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

2.2.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау

2.2.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

3. Аналар-әжелер мектебінің күзіреті

3.1 Аналар-әжелер мектебі күзіретіне кіреді:

- қыздармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, қыздармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың, ертежүктіліктің алдын алу және ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында түсініктеме жүргізу;
- педагог қызметкерлерге ішімдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез құлықтар көрсетудің және ертежүктіліктің алдын алу шараларын ұйымдастыруға көмек көрсету;
- кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

4. Аналар-әжелер мектебінің құқығы мен жауапкершілігі

4.1. Аналар мектебінің құқығы:

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасылармен жұмыс істеуге, шешімдер шығаруға;
- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;
- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез-кұлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;
- сұрақтарға жауап беру үшін аналар-әжелер мектебі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және қорғаншы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;
- аналар-әжелер мектебі қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.

5. Аналар-әжелер мектебі мүшелері

- 5.1. Аналар-әжелер мектебінің мүшесі болып ата-аналар ұсынған (заңды өкілдері) аналар-әжелер бола алады.
- 5.2. Аналар-әжелер мектебі шақыруымен аналар-әжелер мектебінің жұмыстарына жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері, ОВД инспекторы, қамқоршылық бөлімінен қызметкерлер қатыса алады.
- 5.3. Аналар-әжелер мектебінде дауысты тек аналар-әжелер клубы мүшелері, инспекторы, қамқоршылық бөлімі өкілі бере алады.
- 5.4. Отырысты бірінші жиналыста көп дауысқа ие болып сайланған төраға жүргізеді.
- 5.5. Хаттама жазу үшін кеңес мүшелері ішінен хатшы сайланады.
6. Аналар-әжелер мектебі жұмысын ұйымдастыру және жүргізу
- 6.1 Аналар-әжелер мектебі отырысы жылдық жоспар бойынша өткізіледі немесе кезектен тыс мәселелерді шешуде жылына 2-ден кем емес.
- 6.2 Аналар-әжелер мектебі мүшелері мектеп бұйрығымен бекітіледі.
- 6.3 Аналар-әжелер мектебі отырысы мүшелерінің 2/3 бөлігі жиналғанда өкілетті болып табылады.
- 6.4 Аналар-әжелер мектебі шешімін мүшелерінің 50 пайызы дауыс берілгенде қабылданады.
- 6.5 Аналар-әжелер мектебі хаттамамен рәсімделеді, онда уақыты, қанша адам жиналғаны және қаралған мәселелер көрсетіледі
- 6.6 Аналар-әжелер мектебі отырысының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды.

ҚОРЫТЫНДЫ


Бүгінгі күннің талабы - білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. Бала тәрбиесінде тәрбиелілікке жетудің бірден-бір жолы - еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа үйрету. Осы қасиеттердің барлығын балалардың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру тәрбиенің басты мақсаты болмақ.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, казак отбасында аналар өзінің білетін бар өнерін ұрпағына үйретіп, оларды нағыз казак қызына тән қасиеттерді дарыта отырып тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі от анасы, асыл жарсың, отбасының асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған. Қыз баланың тәрбиесін неден бастауымыз керек? Бала кезінде ұлдың жұмысы, қыздың шаруасы деп бөлген дұрыс емес. Ата-анасына көмектескісі келсе, қолын қақпау керек. Қыз бала анасының сенімді құрбысы ретінде санайтын болсын. Үлгі тұтатын ана болсаңыз, қыз бала сізге адал құрбы, қолдаушы болады. Қыз бала өнеге мен әдептілікті, сыпайы мінез-құлықты бойына қайдан сіңіреді? Қыздардың – анасына, ұлдардың – әкесіне еліктейтіні анық. Қыз бала анасына ұқсас болғанын қалайды. Қыз үшін анасынан асып түсер мықты адам жоқ. Ананың мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы қыз баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған карап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің қызы жақсы болса: «Оның анасы немесе әжесі жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой» деп мақтайды. Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз.

"Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы", - деп Әл Фараби атамыз айтқандай, алдымыздағы шәкірттерімізге алдымен үлгілі тәрбие бере отырып, заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Әрине, тәрбиенің алғашқы бастамасын бала өз жанұясында алады. Ата-ана мен педагог алдында тұрған міндет ортақ болғандықтан, олардың арасындағы одақ неғұрлым берік болған сайын тәрбие нәтижесі де соғұрлым табысты бола түспек. Әрбір отбасы қоғамның бір бөлігі болып табылатындықтан, бала тәрбиесіндегі жауапкершілік те мектеппен бірдей болуы тиіс. Бала тәрбие әліппесін отбасындағы әкенің алатын орны ерекше. Бала алғашқы адамгершілік қасиеттерді де, еңбек әліппесінің алғашқы беттерін де өз үйінде ашады. Иә, алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя - мектеп. Сол мектеп қабырғасында өтілетін тәрбие сағаттары, түрлі іс - шаралардың барлығы да оң әсерін тигізбей қоймайды.

"Аналар-әжелер мектебі" атты әдістемелік нұсқаулықта сіз осы тәрбие саласына қатыстының бәрін кездестіре аласыз. Тәрбие жұмысының жоспарынан бастап, сынып жетекшіі үшін, бала тәрбиесі үшін қажеттінің барлығын да таба аласыз.

Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы десек, егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу - қазіргі күннің ең өзекті мәселесінің бірі болып есептелінеді. Ата-ана мен мектеп ұжымы, мұғалім бірлесіп жұмыс жасағанда ғана бала бойына ізгі қасиеттерді толығынан сіңіруге болады. Олай болса, ұлт болашағын тәрбиелеуде еш қателеспей, өз үлесімізді қоса берейік дегім келеді.

«Бекітемін»
Мектеп директоры:  Д.Айтқұлов

№49 «Қоңыртөбе» жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылындағы «Ұлағат» аналар кеңесінің жұмыс жоспары.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Аналар кеңесінің отырысы. Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	Қыркүйек	Аналар кеңесі төрайымы
2	Аналар кеңесі мәжілісін өткізу.	Тоқсанына 1 рет	Әкімшілік
3	Жалпы мектепшілік іс-шаралар кезінде ерікті жасақтың кезекшілігін ұйымдастыру.	Мектеп жоспары бойынша	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
4	Оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша әкімшілік жиналыстарға қатысу.	Әр жұма сайын	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
5	Кешкі уақытта мектептің шағын аудандарына мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу.	Кесте бойынша	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
6	Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру рейдтері.	Айына 1 рет	Аналар кеңесі мүшелері
7	«Сәтсіз» отбасыларды; мектепшілік есепте тұрған оқушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әңгімелер жүргізіп, балалардың отбасын аралау.	Жыл бойы	Әкімшілік, аналар кеңесі мүшелері
8	Мектеп Жарғысын бұзушы балалармен алдын алу жұмыстары.	Уақытында	Аналар кеңесі мүшелері
9	Оқушылардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына ықпал ету, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту.	Спорттық іс-шаралар жоспары бойынша	Аналар кеңесі мүшелері
10	Әртүрлі жалпы мектепшілік шараларды ұйымдастыру мен өткізуге көмек жасау.	Жыл бойы	Аналар кеңесі мүшелері
11	8-наурыз мерекесін ұйымдастыру.	Наурыз	Мектеп әкімшілігі. Әкелер кеңесі мүшелері.
12	«Менің қолымнан келеді ме?» психологиялық кеңес ұйымдастыру	Сәуір	Мектеп психологы
13	«Баланың болашақ мамандығы» педагогикалық-психологиялық кеңес.	Мамыр	Мектеп психологы

ДТІЖО: 

Д.Айтқұлов

**№49 «Қоңыртөбе» жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
аналар кеңесі отырысының**

№1 хаттамасы

Қыркүйек айы

1. ДТЖО: Д.Айтқұлов
2. Педагог психолог: Ж.Ашірбаев
3. Әлеуметтік педагог: А.Жарылкасынов
- 4 Аналар кеңесінің орынбасары : Пердебаева Ұ

Күн тәртібінде:

1. Аналар кеңесі мәжілісін өткізу
2. Аналар кеңесі кешкі уақытта мектептің шағын аудандарымен мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу.
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Айтқұлов сөз сөйледі.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруін алдын алу жұмыстарын нығайту мақсатында, аналар кеңесі кешкі уақытта мектептің шағын аудандарына мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу, бала тәрбиесіндегі ата-аналар қауымдастығының, аналар жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы». Мақсаты аналардың отбасындағы бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, ұстаз, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты болдырмауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аналар кеңесінің төрайымы Сұлтанова Қ сөз сөйледі.


Кеңес төрайымы аналар кеңесі кешкі уақытта мектептің шағын аудандарына мұғалімдермен бірлескен рейдер жүргізу, кеңес мүшелері белсене ат салысуға шақырды.

Қаулы етті:

1. Аналар кеңесінің жұмысы жоспарға сай жүйелі түрде жүргізілсін;

Төрайым:

Хатшы:



Сұлтанова Қ

Мусабекова А